

**"АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ"
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ**



**«Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университеті» КЕАҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
"16" сәуір 2025 жылы**

Хаттама № 3

БЕКІТІЛДІ

Директорлар кеңесінің төрағасы

Р. Шимашева



**"Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті" КеАҚ-ның
Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын
окуға қабылдау Ережелері**

Алматы, 2025

1. Жалпы ережелер

1. Осы "Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті КЕАҚ-қа оқуға қабылдау ережелері" (бұдан әрі – Университет) бакалавриат бағдарламалары бойынша тұлғаларды оқуға қабылдаудың тәртібі мен шарттарын айқындайтын "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы №580 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі туралы ережеге және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарына оқуға қабылдау және "Жоғары білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары білім беру үйымдарына құжаттар қабылдау және окуға қабылдау" үшін мемлекеттік көрсетілетін қызмет тәртібі және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандығы №600 бүйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі бүйрығының жобасымен бекітілген жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарына окуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес әзірленді.

2. Университетке қабылдау тәртібі

2. Оқуға түсуші тұлғаларды университетке қабылдау, республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын бөлу, сондай-ақ, азаматтардың өз қаражаты және басқа да көздер есебінен оқу ақысын төлеу арқылы жүзеге асырылады.

3. Университетке жалпы орта, техникалық және кәсіптік білімі бар, орта, жоғары білімнен кейінгі тұлғалар қабылданады.

4. Қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсушілерді қоспағанда, орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар, ҰБТ-дан өткен және республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білім беру грантын беру конкурсына қатысуға ниет білдірген университетке түсетін тұлғаларға ҰБТ нәтижелері бойынша кемінде 65 балл, ал "Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласы бойынша - кемінде 75 балл, "Құқық" даярлау бағыты бойынша – кемінде 75 балл жинау қажет, ақылы окуға түсушілер 1-қосымшада көрсетілген ҰБТ-ның ең төменгі шекті балын жинауы қажет.

Бұл ретте Қазақстан тарихы және екі бейіндік пән бойынша ҰБТ және (немесе) шығармашылық емтиханнан кемінде 5 балл, ал Оқу сауаттылығы мен Математикалық сауаттылық пәндерінен кемінде 3 балл жинау қажет.

Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен қысқартылған оқу мерзімін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша окуға арналған жоғары білімнің беру грантын беру конкурсына қатысу үшін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар, ҰБТ-дан өткен және оның нәтижелері бойынша – кемінде 25 балл және

"Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласы бойынша – кемінде 35 балл, оның ішінде ҰБТ-ның әрбір пәні және (немесе) шығармашылық емтихан бойынша кемінде 5 балл жинаған адамдар жіберіледі.

Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын тағайындау конкурсына ҰБТ-ны электронды форматта тапсырған кезде окуға тұсуші осы тармақта көрсетілген қажетті балл саны бар ҰБТ-ның нәтижесімен қатыса алады.

Осы тармақта көрсетілген талаптар Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ тұлғаларға қолданылмайды.

4-1. Шет тілін (ағылшын) менгергенін растайтын: TOEFL ITP (ТОЙФЛ АЙТИПИ), TOEFL IBT (ТОЙФЛ АЙБИТИ), IELTS (АЙЛС) халықаралық сертификаттары бар тұлғалар қалауы бойынша ҰБТ-да "Шет тілі (ағылшын)" бейіндік пәнін немесе арнайы пәнін тапсырудан босатылады.

ҰБТ-ның "Шет тілі (ағылшын тілі)" бейіндік пәнін немесе арнайы пәнін бір мезгілде тапсыру және шет тілін (ағылшын тілін) менгергенін растайтын жоғарыда аталған халықаралық сертификаттардың бірін тапсыру кезінде ҰБТ сертификаты үшін ең жақсы нәтиже көрсеткен шет тілі (ағылшын тілі) баллдары ескеріледі.

SAT (ЭсЭйти – SAT), ACT (ЭйСиТи), IB (АйБи), A Level (Э-Левел), TOEFL ITP (ТОЙФЛ АЙТИПИ), TOEFL IBT (ТОЙФЛ АЙБИТИ), IELTS (АЙЛС) халықаралық стандартталған тест сертификаттары бар тұлғалар Қағидаларға 2-1-қосымышаға баллдарды ауыстыру шкаласына сәйкес білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысады және (немесе) жоғары оқу орындарына ақылы белімге қабылданады.

4-2. Қазақ тілін B1-ден (орта) төмен емес деңгейде менгергенін растайтын ҚАЗТЕСТ сертификаты бар тұлғалар осы Үлгілік қағидаларға 2-2-қосымышаға белгіленген баллдарды ауыстыру шкаласына сәйкес қалауы бойынша ҰБТ-да "Қазақ тілі" бейіндік пәнін немесе арнайы пәнін тапсырудан босатылады.

4-3. "Назарбаев Зияткерлік мектептері" дербес білім беру ұйымының бітірушілерінде ҰБТ сертификаттары бар, оқу нәтижелерін сырттай бағалау баллдарын ауыстыру негізінде, ауыстыру шкаласына сәйкес баллдарды, осы Үлгілік қағидалардың 2-3-қосымышаларына сәйкес олар білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысады және (немесе) жоғары оқу орындарына ақылы негізде оқуға қабылданады.

5. Қабылдау комиссиясын құру Университеттің Басқарма Төрағасы – Ректордың бүйрекімен бекітіледі. Қабылдау комиссиясының құрамына Университеттің проректорлары, құрылымдық бөлімшелердің басшылары және профессорлық-окытушылық құрамның (бұдан әрі – ПОК) өкілдері кіреді. Қабылдау комиссиясының сандық құрамы тақ болуы тиіс. Қабылдау комиссиясының төрағасы Университеттің Басқарма Төрағасы - Ректор болып табылады. Басқарма Төрағасы – Ректордың бүйрекімен Университеттің қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы тағайындалады.

5-1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандығы № 606 бүйрекіна сәйкес әрбір білім беру бағдарламасы бойынша саны 10 білім алушыдан кем емес оқу тобы қалыптасады. Егер білім алушылардың саны 10 кем балса, университет талапкерді тиісті білім беру бағдарламасына қабылдауға

құқылы, бұл туралы оны ағымдағы жылдың 20 тамызына дейін хабардар етеді. Университеттің қабылдау ережелерімен келіспеген жағдайда талапкердің басқа оку орнына түсуге құқығы бар.

5-2. Университет Заңның 43-1-бабы 2-тармағының 6) тармақшасына және осы Үлгілік қағидаларға сәйкес университетке қабылдау қағидаларын өзірлейді және бекітеді.

Қосымша емтиханға қатысу үшін өтінішті қабылдау, оны университетте өткізуі 01 шілде мен 20 тамыз аралығында жүзеге асырылады, бұл ретте білім беру грантын беру конкурсына қатысушылар үшін қосымша емтихан конкурса қатысуға өтініштерді қабылдау басталғанға дейін өткізіледі.

Түсушілер осы Үлгілік қағидалардың 4-тармағында белгіленген балдарға сәйкес мәлімделген университеттегі қосымша емтиханға қатысуға өтініш береді.

Түсуші қосымша емтиханнан өткен және (немесе) университет белгілеген шекті өту балын жинаған жағдайда университетке қабылданады.

6. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары мен Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына оқуға қабылданады.

"Орта буын маманы" немесе "қолданбалы бакалавр" біліктілігін алған, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар адамдар университетке қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша ақылы негізде оқуға түсушілерді қабылдауды университеттің қабылдау комиссиялары жүзеге асырады.

Университетке жоғары білімі бар адамдарды қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламаларына ақылы негізде қабылдауды университеттің қабылдау комиссиялары жүзеге асырады.

Жалпы орта білімі бар, мерзімді әскери қызмет өткөрген азаматтарды ақылы негізде университетке оқуға қабылдау күнтізбелік жыл ішінде университеттің қабылдау комиссиялары өткіzetін әңгімелесу нәтижелері бойынша мерзімді әскери қызмет өткөргеннен кейін екі жыл ішінде жүзеге асырылады. Бұл ретте мерзімді әскери қызмет өткөрген азаматтарды қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

Мерзімді әскери қызмет өткөрген, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары мерзімді әскери қызмет өткөргеннен кейін екі жыл ішінде күнтізбелік жыл ішінде университеттің қабылдау комиссиялары өткіzetін әңгімелесу нәтижелері бойынша оқудың қысқартылған мерзімдерін көздейтін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша ақылы негізде оқуға қабылданады. Бұл ретте мерзімді әскери қызмет өткөрген азаматтарды қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

7. Шетел азаматтарын білім беру гранты негізінде бөлінген квота бойынша мемлекетаралық келісімдер негізінде құрылған халықаралық университеттерге қабылдауды университет дербес жүзеге асырады.

Шетел азаматтарын ақылы негізде университетке қабылдауды университеттің қабылдау комиссиялары өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша күнтізбелік жыл ішінде жүзеге асырылады. Бұл ретте шетел азаматтарын қабылдау академиялық күнтізбеле сәйкес келесі академиялық кезеңнің басталуына дейін 5(бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

Бұл ретте шетелдік азаматтарды білім беру гранты және ақылы негізде қабылдауды Заңның 9-1-бабына сәйкес аккредиттеуден өткен университеттер жүзеге асырады.

Ғылым және жоғары білім беру саласындағы уәкілетті органның шешімі бойынша құрылған Қазақстан Республикасындағы халықаралық және шетелдік оқу орындарына және (немесе) олардың филиалдарына қабылдауды және қабылдау мерзімдерін ҰБТ сертификаты болған жағдайда университет дербес айқындайды.

8. Университетке оқуға түсу кезінде "Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде қабылдау квотасының мөлшерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 26 шілдедегі № 357 бүйрүгімен бекітілген мөлшерде қабылдау квотасы қарастырылады.

9. Оқуға түсушілерді университетке қабылдау белгіленген үлгідегі сертификат және (немесе) үміткердің бірегей деректері бар ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) нәтижелерін растайтын Ұлттық тестілеу орталығының ресми сайтында орналастырылатын электрондық сертификат (бұдан әрі – ҰБТ сертификаты) балдарына сәйкес олардың өтініштері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

3. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандарды қабылдау және өткізу тәртібі

10. Арнаулы және шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары топтары бойынша, оның ішінде "Педагогикалық ғылымдар" білім беру салалары бойынша оқуға қабылдау арнаулы және шығармашылық емтихандар нәтижелерін ескере отырып жүзеге асырылады.

11. Арнаулы және шығармашылық емтихандарды ұйымдастыру және өткізу үшін Басқарма Төрағасы – Ректордың бүйрүгімен емтиханды өткізу кезеңіне емтихан комиссиясы құрылады.

Комиссияның құрамына профессорлық-оқытушылық құрамның қатарынан университет өкілдері, қоғамдық ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері кіреді. "Өнер" және "Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау" бағыттары бойынша шығармашылық емтихандар жөніндегі комиссияның құрамына тиісті бейінді білімі бар және мәдениет және спорт саласындағы жергілікті уәкілетті орган ұсынған адамдар да кіреді.

Емтихан комиссиясының құрамына апелляциялық комиссияның мүшелері кірмейді.

Комиссия тақ саннан тұрады және комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен комиссиясының төрағасы сайланады. Комиссия шешімі оның құрамының кемінде

үштен екісі отырысқа қатысса заңды деп саналады. Комиссия шешімі емтиханға қатысушылар санының көпшілік дауысымен қабылданады. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, тәрағаның дауысы шешуші болып табылады.

12. Арнаулы және шығармашылық емтихандарды өткізу осы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес арнаулы және шығармашылық емтихан өткізілетін білім беру бағдарламалары топтарының тізбесіне сәйкес білім беру бағдарламаларының топтары бойынша жүзеге асырылады.

Арнаулы және шығармашылық дайындықты талап ететін, оның ішінде "Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласы бойынша жоғары білімнің БББ топтары бойынша оқуға түсуші тұлғалар арнаулы және шығармашылық емтихандарды тапсыру үшін университеттің қабылдау комиссиясына келесі құжаттарды тапсырады:

1) жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік білімі туралы құжат, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжат (түпнұсқа);

2) 3 x 4санитметр көлеміндегі 2 фотосурет және электрондық форматта jpg;

3) көшірмемен жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

4) ҰБТ сертификаты (бар болса);

5) "Дене шынықтыру және спорт туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 1) тармақшасында белгіленген спорттық разрядтар және (немесе) спорттық атақтардың бірінің бар болуын растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса) тапсырады.

13. Мемлекеттік білім грантына түсуге үміткерлер үшін, шығармашылық емтихан тапсыруға түсушілерден өтініштерді қабылдау университетте күнтізбелік жылғы 20 маусым мен 6 шілде аралығында жүзеге асырылады.

Шығармашылық емтихан күнтізбелік жылғы 7 - 13 шілде аралығында өткізіледі.

Ақылы негізде шығармашылық емтихан тапсыру үшін түсушілерден өтініштерді қабылдау университетте күнтізбелік жылғы 20 маусым мен 10 тамыз аралығында жүзеге асырылады.

Шығармашылық емтихан күнтізбелік жылғы 7 шілде мен 15 тамыз аралығында өткізіледі.

14. Жалпы орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаты бар, шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына түсуші адамдар еki шығармашылық емтихан тапсырады.

Шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының тобына қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың үкസ баянтары бойынша түсуші адамдар бір шығармашылық емтихан тапсырады.

Осы Ереженің 4-қосымшасына сәйкес арнаулы және шығармашылық емтиханды өткізу нысаны бекітіледі.

15. ҰБТ-ны электрондық форматта өткізу кезінде түсушілердің құжаттарын қабылдау және "Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласы бойынша оқуға түсү үшін арнайы емтихан өткізу университетте күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 20 тамызы аралығындағы кезеңде жүзеге асырылады.

16. Шығармашылық дайындықты талап ететін, жоғары білімнің білім беру бағдарламалары тобына оқуға түсетең тұлғалар республикалық немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын беру конкурсына қатысу үшін шығармашылық емтиханды өздері таңдаған университетте тапсырады, ақылы негізде университетке оқуға түсушілерді қоспағанда.

Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ адамдарды қоспағанда, шығармашылық дайындықты талап ететін, жоғары білімнің білім беру бағдарламалары тобына түсетең орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар адамдар үшін Қазақстан тарихы, оқу сауаттылығы (оқу тілі) бойынша балдар ескеріледі.

Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша шығармашылық дайындықты талап ететін, жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының тобына түсуші адамдар үшін арнайы пәннен балдары ескеріледі.

17. "Педагогикалық ғылымдар" білім беру салалары бойынша университетке түсуші адамдар университеттің қабылдау комиссиялары өткізетін бір арнаулы емтихан тапсырады.

"Педагогикалық ғылымдар" білім беру салалары бойынша университетке түсуші адамдар үшін Қазақстан тарихы, математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы (оқу тілі), екі бейіндік пән бойынша балдар ескеріледі.

Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша "Педагогикалық ғылымдар" білім беру салалары бойынша университетке түсуші тұлғалар үшін ақылы оқуға қабылданатын түсушілерді қоспағанда жалпы кәсіптік және арнайы пәндер бойынша балдар ескеріледі.

18. Арнаулы және шығармашылық емтиханды өткізу бағдарламаларын Университет әзірлейді және Университет қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді.

19. Арнаулы және шығармашылық емтихандардың кестесін (емтиханды өткізу нысаны, күні, уақыты және өткізілетін орны, консультациялар) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және оқуға түсушілердің назарына құжаттарды қабылдау басталғанға дейін жеткізіледі және университеттің ресми сайтында жарияланады.

20. Оқуға түсушіні арнаулы және шығармашылық емтихандар өткізілетін аудиторияға кіргізу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүзеге асырылады.

Арнаулы және шығармашылық емтихандар бейне және аудио жазбамен жабдықталған аудиторияларда өткізіледі.

21. Арнаулы және шығармашылық емтихандар басталғанға дейін оқуға түсушілерге емтихан материалдары беріледі және титулдық параптарды рәсімдеу тәртібі түсіндіріледі, сондай-ақ басталу және аяқталу уақыты көрсетіледі арнайы және шығармашылық емтихандар, нәтижелерді жариялаудың уақыты мен орны және апелляцияға өтініш беру тәртібі түсіндіріледі.

22. Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаты бар оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихандар 50 балдық жүйе бойынша бағаланады.

Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың үқсас бағыттары бойынша оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихан 20 балдық жүйе бойынша бағаланады.

"Педагогикалық ғылымдар" білім беру салалары бойынша оқуға түсушілер үшін арнаулы емтихан "өтті" немесе "өтпеді" деген нысанда бағаланады.

23. Шығармашылық емтиханды өткізу қорытындылары бағалау ведомосімен, арнаулы емтиханды өткізу қорытындылары – рұқсат беру ведомосімен, комиссияның еркін нысандағы хаттамасымен рәсімделеді және нәтижелерді жариялау үшін қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (оның орынбасарына) беріледі. Комиссия хаттамасына тәраға және комиссияның барлық қатысушы мүшелері қол қояды.

24. Арнаулы және шығармашылық емтихандардың нәтижелері емтихан өткізілетін күні жарияланады. Арнайы және (немесе) шығармашылық емтихандар қайта тапсыруға жатпайды. Оқуға түсушілер сырқаттануына байланысты олардың біреуінде болмаған жағдайда, оның ішінде растайтын құжаты болған кездің өзінде арнайы және (немесе) шығармашылық емтихандар ауыстырылуға не қайта тапсырылуға жатпайды.

25. "Педагогикалық ғылымдар" білім беру салалары бойынша арнаулы емтихандардың нәтижелері бойынша түсушіге арнаулы емтихан тапсыру орнына қарамастан университетке ұсыну үшін рұқсат беру ведомосынан үзінді беріледі.

Шығармашылық бағыттағы басқа университеттерге ақылы негізде түсу үшін, шығармашылық емтихан нәтижелері бойынша талапкерге ведомостан үзінді көшірме беріледі.

26. Емтихандарды өткізу кезеңіне арнаулы және шығармашылық емтиханға қойылатын талаптарды сақтау, даулы мәселелерді шешу, тиісті емтихандарды тапсыратын адамдардың құқықтарын қорғау мақсатында әрбір университетте басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен тәрағасын қосқанда тақ саннан тұратын апелляциялық комиссия құрылады.

27. Апелляцияга өтінішті апелляциялық комиссия тәрағасының атына арнаулы немесе шығармашылық емтихан тапсырған адам өзі тапсырады, ол арнаулы немесе шығармашылық емтихан нәтижесі жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады, апелляциялық комиссия оны бір күн ішінде қарайды.

28. Апелляциялық комиссияның шешімі отырысқа оның құрамының кемінде уштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Арнаулы немесе шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляция бойынша шешім қатысушы комиссия мүшелері санының көпшілік дауысымен қабылданады. Апелляциялық комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, тәрағаның дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы тәрағаның және барлық қатысушы комиссия мүшелерінің қолы қойылған хаттамамен ресімделеді.

29. Университет республикалық және жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын беру конкурсына қатысу үшін және (немесе) ақылы негізде

университетке оқуға қабылдау үшін, арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханның қорытындысын қосымша, арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихан аяқталған күні Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ұлттық тестілеу орталығының ақпараттық жүйесіне береді.

4. Университеттің оқуға қабылдау тәртібі

30. Оқуға тұсушілерді мемлекеттік білім гранты немесе ақылы негізде қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде оқу үшін студенттер қатарына қабылдау күнтізбелік жылдың 20 маусым мен 25 тамыз аралығында университеттің Басқарма Төрағасы – Ректордың бұйрығымен жүргізіледі.

31. Қабылдау комиссиясына оқуға тұсушілер қабылдау туралы өтінішімен бірге мыналарды қоса береді:

- 1) жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжат орта немесе жоғары білім туралы құжат (түпнұсқа);
- 2) жеке басын қуәландыратын құжаттың қөшірмесі;
- 3) 3 x 4санитметр көлеміндегі 6 фотосурет және электрондық форматта jpg.
- 4) нысан бойынша медициналық анықтама 075/e электрондық нұсқада, бекітілген Бұйрықпен бекітілген №ҚР ДСМ- 175/2020, флюорографияның суреті;
- 5) ҰБТ сертификаты;
- 6) ведомостан үзінді көшірме арнаулы және шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша, оның ішінде "Педагогикалық ғылымдар" білім беру салалары бойынша оқуға тұсушілер үшін;
- 7) білім беру грантын тағайындау туралы қуәлік (бар болса).

32. I, II топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар қатарындағы азаматтар, оларға теңестірілген тұлғаларе Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне берілетін женілдіктер мен кепілдіктер бойынша ұлты қазақ емес адамдар Қазақстан Республикасы азаматтарының, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың, сондай-ақ қайтыс болған жастар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтарының немесе кәмелеттік жасқа толғанға дейін ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, сонымен қатар, артықшылықты құқық пен квотаның берілгенін раставтың құжаттар ұсынылады.

33. Техникалық және кәсіптік білімі туралы құжаттары бар тұлғалар, орта білімнен кейінгі біліктілігін растаған және мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар білімі бар тұлғалар келесі құжаттардың бірін қосымша тапсырады:

- 1) еңбек кітапшасының қөшірмесі (түпнұсқасы салыстыру үшін ұсынылады);
- 2) қызметтік тізім (қызметкердің жұмысы, еңбек қызметі туралы мәліметтер тізбесі), жұмыс беруші қол қойған, ұйымның мөрімен расталған (бар болса);
- 3) қызметкердің еңбек қызметі туралы мәліметтерді қамтитын мұрағаттық анықтама,

4) жұмыс берушінің оны тоқтату күні мен негіздемесі туралы белгісі бар еңбек шарты;

34. «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша, қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімді кадрларды даярлаудың

ұқсас бағыттары бойынша түсушілерді қоспағанда, осы Үлгілік қағидалардың 4-тармағында белгіленген шекті балл алмаған (ҰБТ нәтижесі бойынша), бейінді пәндер комбинациясы сәйкес келмейтін ҰБТ нәтижелері бар, ҰБТ нәтижелері жойылған орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар тұлғалар Университетке күндізгі оку бөліміне ақылы негізде қабылданады.

Университетте жаңа оку жылы аяқталғанға дейін осы тұлғалар ҰБТ-ны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 бұйрығымен бекітілген Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу қағидаларында (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15173 болып тіркелген) (бұдан әрі - № 204 бұйрық) белгіленген мерзімде тапсырады.

Осы Үлгілік қағидалардың 4-тармағында белгіленген шекті балды қайта жинамаған адамдар 1 (бірінші) оку жылы аяқталғаннан кейін тапсырылатын ҰБТ нәтижелері бойынша Университеттен шығарылуға жатады.

35. Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантының иегерлері куәлікте көрсетілген жоғары оку орнына қабылдау туралы өтініш береді және университет басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен студенттер қатарына қабылданады.

Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының топтары бойынша жоғары білімнің білім беру грантының иегерлері өздері шығармашылық емтихан тапсырған университетке қабылданады.

Мемлекеттік грант негізінде окуға түскен Қазақстан Республикасының азаматтары Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 11 тамыздағы № 403 бұйрығымен бекітілген Маманды жұмысқа жіберу, бюджет қаражаты есебінен шеккен шығыстарды өтеу, өз бетімен жұмысқа орналасу құқығын беру, мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған Қазақстан Республикасының азаматтарын жұмыспен өтеу жөніндегі міндетінен босату немесе олардың міндетін тоқтату қағидаларында және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 25 тамыздағы № 443 бұйрығымен бекітілген "Бакалавр" немесе "магистр" дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оку орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру қағидаларында белгіленген тәртіппен кемінде 3 (үш) жыл жұмыспен өтеу туралы шарт жасайды.

36. № 204 бұйрықпен белгіленген мерзімге сәйкес ҰБТ тапсырған ағымдағы жылғы орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар және осы Үлгілік қағидалардың 4-тармағында белгіленген шекті балды жинаған адамдар жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі Университет басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның атына ақылы негізде Университетке қабылдау туралы өтініш береді.

Бұл ретте орта білімді ұйымдардың бітіруші 11 (12) сыныптың білім алушылары күнтізбелік жылғы 1 ақпан мен 25 тамыз аралығы кезеңінде жалпы орта білім туралы құжат алғанға дейін Университет басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның атына ақылы негізде Университетке қабылдау туралы өтініш береді.

Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжат алғаннан кейін оқуға түсушілер осы Ұлгілік қағидалардың 31-33 тармағында белгіленген тізбеке сәйкес құжаттарды тапсырады.

37. Осы Ереженің 4-тармағында белгіленген шекті балды жинаған адамдар университет басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның атына ақылы негізде университетке қабылдау туралы өтініш береді.

Өтінішке ҰБТ сертификаты мен уәкілетті адамның қолы қойылған және мөрмен бекітілген транскрипт көшірмесі қоса беріледі.

Университеттің бекітілген білім алушылардың оку ақысына жеңілдіктер беру туралы Ережесіне сәйкес, ақылы негізде оқитын әлеуметтік жағдайы төмен, жетім баллар, көп балалы отбасы, мүгедектігі бар және т.б. категорияға жататын баллар үшін арнайы жеңілдіктер қарастырылады.

Осы Ереженің 12, 31,32,33 - тармақтарында белгіленген құжаттар тізбесі толық ұсынылмаған жағдайда қабылдау комиссиясы оқуға түсушіден құжат қабылдамайды.

38. Университетке оқуға қабылдау жоғары білімнің білім беру бағдарламалары мен тілдік бөлімдері бойынша жеке жүргізіледі.

Шығармашылық емтихандар белгіленген жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау, қысқартылған оку мерзімін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсушілерді қоспағанда, осы емтихандар бойынша алынған балдар есепке алына отырып жүргізіледі.

"Педагогикалық ғылымдар" білім беру салалары бойынша қабылдау арнаулы емтихан нәтижелері есепке алына отырып жүргізіледі.

39. Шет тілінде берілген құжаттардың мемлекеттік немесе орыс тіліндегі нотариалдық куәландырылған аудармасы болуы тиіс.

Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар адамдар оқуға қабылданғаннан кейін окудың 1 (бірінші) академиялық кезеңі ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім туралы құжаттарды тану рәсімінен өтеді.

40. Университет, қабылдау аяқталғаннан бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органға университетке студенттерді қабылдау бойынша қорытынды есеп ұсынады.

5. Қорытынды ережелер

41. Осы қабылдау Ережесі жаңа қабылдау Ережесімен ауыстырылғанға дейін бекітілген күннен бастап күшіне енеді.

42. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар жоғары оқу орындарының жұмысы мен қызметтерін реттейтін занды құжаттардың және КР ФЖБМ бұйрықтарының негізінде енгізілуі мүмкін.

**«Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті»
КеАҚ-н оқуға қабылдау Ережелеріне
1-қосымша**

Білім беру бағдарламасы тобының номірі	Білім беру бағдарламалары топтарының атауы	Ақылы бөлімшесінде ұшып ҮБТ-ның шекті балы
B001	Педагогика және психология	80
B002	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	80
B003	Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі	80
B004	Бастапқы әскери даярлық мұғалімдерін даярлау	15
B005	Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау	17*
B006	Музыка мұғалімдерін даярлау	17*
B007	Көркем еңбек мұғалімдерін даярлау	17*
B008	Құқық және экономика негіздері мұғалімдерін даярлау	80
B009	Математика мұғалімдерін даярлау	90*
B010	Физика мұғалімдерін даярлау	90*
B011	Информатика мұғалімдерін даярлау	90*
B012	Химия мұғалімдерін даярлау	90*
B013	Биология мұғалімдерін даярлау	90*
B014	География мұғалімдерін даярлау	90*
B015	Гуманитарлық пәндер бойынша мұғалімдерді даярлау	80
B016	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау	90*
B017	Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау	90*
B018	Шет тілі мұғалімдерін даярлау	90*
B019	Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандарын даярлау	80
B020	Арнайы педагогика	80
B028	Хореография	17*

B029	Аудиовизуалды құралдар және медиа өндіріс	17*
B030	Бейнелеу өнері	17*
B031	Сән және дизайн	17*
B032	Философия және этика	70
B033	Дінтану және теология	70
B034	Тарих	70
B036	Аударма іci	70
B037	Филология	70
B038	Әлеуметтану	70
B039	Мәдениеттану	70
		70
040	Саясаттану	
		70
B041	Психология	
B044	Менеджмент және басқару	65
B045	Аудит және салық салу	65
B046	Қаржы, экономика, банк және сақтандыру іci	65
B047	Маркетинг және жарнама	65
		75
B049	Күкүк	
B050	Биологиялық және сабактас ғылымдар	70
		70
B051	Коршаган орта	
B052	Жер туралы ғылым	70
B053	Химия	70
B054	Физика	70
B055	Математика және статистика	70
B057	Ақпараттық технологиялар	70
B109	Сәндік өнер	65

B091	Туризм	65
B092	Тынығу	17*
B120	Кәсіптік оқыту педагогтарын даярлау (сала бойынша)	70
B140	Халықаралық қатынастар және дипломатия	70

Лотарингия бойынша

B018 (KZ-FR-007)	Шет тілі мұғалімдерін даярлау (KZ-FR-007)	80*
B044 (KZ-FR-007)	Менеджмент және басқару (KZ-FR-007)	65
B046 (KZ-FR-007)	Қаржы, экономика, банк және сақтандыру іci (KZ-FR-007)	65
B047 (KZ-FR-007)	Маркетинг және жарнама (KZ-FR-007)	65
B049 (KZ-FR-007)	Құқық (KZ-FR-007)	75
B093 (KZ-FR-007)	Мейрамхана ісі және мейманхана бизнесі (KZ-FR-007)	65
B140 (KZ-FR-007)	Халықаралық қатынастар және дипломатия (KZ-FR-007)	65

* - шыгармашилық бағыттағы білім беру бағдарламаларына түсушілер үшін екі пән бойынша тапсырылған ҰБТ балдары 1-қосымшада көрсетілген балдардан төмен болмауы керек, ал екі шыгармашилық пән бойынша кемінде 65 балл болуы керек.

SAT (ЭсЭйТи), ACT (ЭйСиТи), ПВ (АйБи) балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы

Халықаралық стандартталған SAT (ЭсЭйТи) тест сертификатының балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы

SAT Reasoning (ЭсЭйТи ризонинг) балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру "Қазақстан тарихы" және екі бейіндік пән бойынша ҰБТ тапсырған жағдайда жүзеге асырылады.

ҰБТ балдарына ауыстыру үшін SAT Reasoning (ЭсЭйТи ризонинг) сертификатының мерзімі берілген күнінен бес жылдан аспауы керек.

SAT Reasoning (ЭсЭйТи ризонинг) бөлімінде жинаған балды "оқу сауаттылығы" және "математикалық сауаттылық" пәндері бойынша ҰБТ сертификаты балдарына ауыстыруға болады (1-кесте).

Кесте 1. Халықаралық стандартталған SAT Reasoning (ЭсЭйТи ризонинг) тест сертификатының балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы.

SAT Reasoning (ЭсЭйТи ризонинг) халықаралық стандартталған тест		ҰБТ	
Тест түрі	Балдар	Тест түрі	Балдар
SAT reasoning (ЭсЭйТи ризонинг)	кемінде 950 балл (1600 балдан)	1 блок (міндетті пәндер) Оқу сауаттылығы	10-нан 7
		Математикалық сауаттылық	10-нан 7
	кемінде 1 050 балл (1600 балдан)	Оқу сауаттылығы	10-нан 8
		Математикалық сауаттылық	10-нан 8
	кемінде 1 150 балл (1600 балдан)	Оқу сауаттылығы	10-нан 9
		Математикалық сауаттылық	10-нан 9
	кемінде 1 250 балл (1600 балдан)	Оқу сауаттылығы	10-нан 10
		Математикалық сауаттылық	10-нан 10

Ескерту: ҰБТ сертификатының балына ауыстыру үшін SAT Reasoning (ЭсЭйТи ризонинг) ең тәменгі балы 1600-ден 950 балдан кем болмауы тиіс. SAT Reasoning (ЭсЭйТи ризонинг) бөлімінің балдары жеткіліксіз болса, SAT балдары ҰБТ сертификатының балдарына ауыстырылмайды.

SAT Reasoning (ЭсЭйТи ризонинг) және SAT subject (ЭсЭйТи сабджект) балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру "Қазақстан тарихы" пәнінен ҰБТ тапсырған және SAT subject (ЭсЭйТи сабджект) пәндерінің ҰБТ-ның бейіндік пәндеріне сәйкес келген жағдайда ауыстырылады.

ҰБТ балдарына ауыстыру үшін SAT Reasoning (ЭсЭйТи ризонинг) және SAT subject (ЭсЭйТи сабджект) сертификаттарының мерзімі берілген күнінен бес жылдан аспауы керек.

SAT Reasoning (ЭсЭйТи ризонинг) және SAT subject (ЭсЭйТи сабджект) бөлімдері бойынша балдар SAT Reasoning (Кесте 1) және SAT subject (Кесте 2) ауыстыру шкаласына сәйкес ҰБТ балдарына ауыстырылады.

Кесте 2. Халықаралық стандартталған SAT Reasoning (ЭсЭйТи ризонинг) және SAT subject (ЭсЭйТи сабджект) тест сертификатының балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы.

SAT (ЭсЭйТи) халықаралық стандартталған тест		ҰБТ	
Тест түрі	Балдар	Тест түрі	Балдар
SAT reasoning (ЭсЭйТи ризонинг)	кемінде 950 балл (1600 балдан)	1 блок (міндетті пәндер) Оқу сауаттылығы	10-нан 7
		Математикалық сауаттылық	10-нан 7
	кемінде 1050 балл (1600 балдан)	Оқу сауаттылығы	10-нан 8
		Математикалық сауаттылық	10-нан 8
	кемінде 1150 балл (1600 балдан)	Оқу сауаттылығы	10-нан 9
		Математикалық сауаттылық	10-нан 9
	кемінде 1250 балл (1600 балдан)	Оқу сауаттылығы	10-нан 10
		Математикалық сауаттылық	10-нан 10
SAT subject (ЭсЭйТи сабджект)	2 бейінді пәндердің әрқайсысы бойынша кемінде 625 балл (800 балдан)*	1 бейіндік пән	50-ден 44
		2 бейіндік пән	50-ден 44
	2 бейінді пәндердің әрқайсысы бойынша кемінде 650 балл (800 балдан)*	1 бейіндік пән	50-ден 46
		2 бейіндік пән	50-ден 46
	2 бейінді пәндердің әрқайсысы бойынша кемінде 675 балл (800 балдан)*	1 бейіндік пән	50-ден 48
		2 бейіндік пән	50-ден 48
	2 бейінді пәндердің әрқайсысы бойынша кемінде 700 балл (800 балдан)*	1 бейіндік пән	50-ден 50
		2 бейіндік пән	50-ден 50

Ескерту: SAT subject балын ҰБТ дағы бейіндік пәндердің балына ауыстыру SAT subject иегерінің еркіменжәне балы 800-ден бастап ең төменгі 625 балдан кем болмаған жағдайда жүзеге ауыстырылады. SAT reasoning, SAT subject бөлімінің балдары жеткіліксіз болған жағдайда ҰБТ балына ауыстырылмайды. SAT сертификатының иегери SAT subject бөлімінің балын ескермей, ҰБТ-ның бейіндік пәндерін тапсыруына болады.

*ҰБТ-ның бейіндік пәндері ретінде "Ағылшын тілі – Дүниежүзі тарихы" таңдаған және "World History" пәнін тапсырған SAT Subject иегерлерінің ағылшын тілінен International English Language Tests System (Интернашнал Инглиш Лангудж Тестс Систем (IELTS (АЙЛТС) осы Үлгілік қағидаларға 2-1-қосымшада белгіленген шкалаға сәйкес міндетті түрде сертификаты болуы тиіс.

Халықаралық стандартталған АСТ (ЭйСүТи) тест сертификатының балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы

ACT (ЭйСиТи) балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру "Қазақстан тарихы" пәні бойынша қазақ немесе орыс тілінде ҰБТ тапсырған жағдайда жүзеге асырылады.

ҰБТ балдарына ауыстыру үшін ACT (ЭйСиТи) сертификатының мерзімі берілген күнінен үш жылдан аспауы керек.

Халықаралық стандартталған ACT (ЭйСиТи) тесттің English, Mathematics, Reading бөлімдері бойынша жинаған балдарды ҰБТ-ның "оку сауаттылығы" мен "математикалық сауаттылық" пәндеріне, Science бөлімі бойынша жинаған балдарды ҰБТ-ның бейіндік пәндеріне белгіленген шкаласына сәйкес ауыстырылады (Кесте 3).

Кесте 3 Халықаралық стандартталған ACT (ЭйСиТи) тест балын ҰБТ балына ауыстыру шкаласы

Халықаралық стандартталған ACT (ЭйСиТи) тесті		ҰБТ		
Тест бөлімі	Балдар	Тест бөлімі	Балдар	
English			Оку сауаттылығы	10-нан 7
Mathematic	әр бөлім бойынша кемінде 19 балл (36 балдан)		Математикалық сауаттылық	10-нан 7
Reading			Оку сауаттылығы	10-нан 8
(Инглиш мазематик ридинг)			Математикалық сауаттылық	10-нан 8
English			Оку сауаттылығы	10-нан 9
Mathematic	әр бөлім бойынша кемінде 21 балл (36 балдан)		Математикалық сауаттылық	10-нан 9
Reading			Оку сауаттылығы	10-нан 10
(Инглиш мазематик ридинг)			Математикалық сауаттылық	10-нан 10
English			Оку сауаттылығы	10-нан 10
Mathematic	әр бөлім бойынша кемінде 23 балл (36 балдан)		Математикалық сауаттылық	10-нан 10
Reading			Оку сауаттылығы	10-нан 10
(Инглиш мазематик ридинг)			Математикалық сауаттылық	10-нан 10
Science (биология, география, химия, физика)	кемінде балдан)	19 балл* (36 балдан)	2 бейіндік пән	50-ден 44 50-ден 44
Science (Саинз) (биология, география, химия, физика)	кемінде балдан)	21 балл* (36 балдан)	2 бейіндік пән	50-ден 46 50-ден 46
Science (Саинз) (биология, география, химия, физика)	кемінде балдан)	23 балл* (36 балдан)	2 бейіндік пән	50-ден 48 50-ден 48
Science (Саинз) (биология, география, химия, физика)	кемінде балдан)	26 балл* (36 балдан)	2 бейіндік пән	50-ден 50 50-ден 50

Ескерту: ҰБТ сертификатының балына ауыстыру үшін ACT ең төменгі балы 36-ның 19 балдан кем болмауы тиіс. ACT бөлімінің балдары жеткіліксіз болған жағдайда ҰБТ балына ауыстырылмайды. ACT Science бөлімінің биология, география, химия, физика белгіленген шкалаға сәйкес ҰБТ пәндеріне ауыстырылады.

IB (International Baccalaureate) (АйБи) Халықаралық бакалавриат бағдарламасы сертификаты/диплом балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы.

IB (АйБи) тест сертификатының балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы 4-кестеде берілген.

Кесте 4. Халықаралық стандартталған IB (АйБи) тест сертификатының балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы.

№	IB (АйБи) Пәндері	IB балдары	1	2	3	4	5	6	7
1	Математика/математикалық сауаттылық	ҰБТ балдары	3	5	6	7	8	9	10
2	Бейіндік пәндер		16	26	32	40	46	49	50

Ескерту: IB (АйБи) балдары ҰБТ балдарына Қазақстан тарихы және оқу сауаттылығы пәндері бойынша ҰБТ тапсырған жағдайда, және бейіндік пәндері сәйкес келген жағдайда ғана ауыстырылады.

A Level (Э-Левел) халықаралық бакалавриат бағдарламасының балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы

A Level (Э-Левел) халықаралық бакалавриат дипломы немесе сертификаты бар тұлғалар "Қазақстан тарихы" мен "Оқу сауаттылық" пәндерінен ҰБТ тапсырған жағдайда және бейіндік пәндері сәйкес келген жағдайда ауыстырылады.

A Level (Э-Левел) халықаралық бакалавриат дипломы немесе сертификаты балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы 5-кестеде берілген.

Кесте 5. A Level (Э-Левел) халықаралық бакалавриат дипломы немесе сертификаты балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы

№	Пәндері	ҰБТ балдары	A Level (Э-Левел)						
			U	E	D	C	B	A	A*
1	Математика/математика (математикалық сауаттылық)		3	5	6	7	8	9	10
2	Бейіндік пәндер		16	26	32	40	46	49	50

Ескерту: Халықаралық стандартталған тест сертификаттары SAT (ЭсЭйтИ), ACT (ЭйСиТи), IB (АйБи), A Level (Э-Левел) балдарын ҰБТ балдарына жекелеген пәндер бойынша ауыстыру жасалмайды.

Халықаралық стандартталған тест IELTS (АЙЛТС) балдарын ҮБТ ("Шет тілі (ағылшын)" бейіндік пән/арнайы пән) балдарына ауыстыру шкаласы

№	Тест түрі	Балдар	ҮБТ-ның "Шет тілі (ағылшын)" бейіндік пәні бойынша балы	ҮБТ-ның "Шет тілі (ағылшын)" арнайы пәні бойынша балы
1	IELTS (АЙЛТС)	6.0 және одан жоғары	50	50
2		5.5	46	46
3		5.0	42	42

Халықаралық стандартталған тест TOEFL ibt (ТОЙФЛ АЙБИТИ), TOEFL itp (ТОЙФЛ АЙТИПИ) балдарын ҮБТ ("Шет тілі (ағылшын)" бейіндік пән/арнайы пән) балдарына ауыстыру шкаласы

№	Тест түрі	Балдар	ҮБТ-ның "Шет тілі (ағылшын)" бейіндік пәні бойынша балы	ҮБТ-ның "Шет тілі (ағылшын)" арнайы пәні бойынша балы
1	TOEFL ibt (ТОЙФЛ АЙБИТИ)	60 және одан жоғары	50	50
2		46-59	46	46
3		35-45	42	42
1	TOEFL itp (ТОЙФЛ АЙТИПИ)	498 және одан жоғары	50	50
2		460-497	46	46
3		433-459	42	42

SAT (ЭсЭйт), ACT (ЭйСиТи), IB (АйБи), A Level (Э-Левел) халықаралық стандартталған тесттердің сертификаттарында (дипломдарында) ағылшын тілі пәні болмаған жағдайда Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инститьюшнал Тестинг программ) (TOEFL ITP (ТОЙФЛ АЙТИПИ), Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инститьюшнал Тестинг программ) Internet-based Test (Интернет бейзид тест) (TOEFL IBT (ТОЙФЛ АЙБИТИ), International English Language Tests System (Интернашнал Инглиш Лангудж Тестс Систем (IELTS (АЙЛТС) шет тілін (ағылшын) менгергенін растайтын халықаралық сертификаттардың балдарды ауыстыру шкаласына сәйкес бірге қолданылуына рұқсат етіледі.

2-2-қосымша

**ҚАЗТЕСТ сертификаты балын ҰБТ балына ауыстыру шкаласы
(бейіндік пән/арнайы пән "Қазақ тілі")**

Тест түрі	Балдары	ҰБТ-ның "Қазақ тілі" бейіндік пәні бойынша балы	ҰБТ-ның "Қазақ тілі" арнайы пән бойынша балы
ҚАЗТЕСТ	C1 (128-160)	50	50
	B2 (96-127)	46	46
	B1 (80-95)	42	42

2-3-қосымша

"НЗМ" ДББҰ бітірушілерінің оқудағы нәтижелерінің сырттай бағалау балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы

№	Пәндер	"НЗМ" ДББҰ бітірушілері үшін								
		Максимал ьді балл	U(1)	E(2)	D(3)	C(4)	B(5)	A (6)	A* (7)	
1	Қазақ тілі (оку сауаттылығы)	10	3	5	6	7	8	9	10	
2	Қазақ тілі (бейіндік пән)	50	16	26	32	40	46	49	50	
3	Орыс тілі (оку сауаттылығы)	10	3	5	6	7	8	9	10	
4	Орыс тілі (бейіндік пән)	50	16	26	32	40	46	49	50	
5	Қазақстан тарихы	20	7	11	13	16	17	19	20	
6	Математика (Математикалық сауаттылық)	10	3	5	6	7	8	9	10	
7	Математика (бейіндік пән)	50	16	26	32	40	46	49	50	
8	Бейіндік пәндер	50	16	26	32	40	46	49	50	

*Ең жоғарғы нәтиже

«Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті»
КеАҚ-н оқуға қабылдау Ережелеріне
3-қосымша

**Тізбе топтар білім беру бағдарламаларының тізбесі,
олар бойынша арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандар өткізіледі**

Білім беру бағдарламасы тобының номірі	Білім беру бағдарламалары топтарының атауы
<i>Арнайы дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының тобы</i>	
B001	Педагогика және психология
B002	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу
B003	Бастауышта оқытуудың педагогикасы мен әдістемесі
B008	Мұғалімдерді даярлау құқық және экономика негіздері
B009	Математика мұғалімдерін даярлау
B010	Физика мұғалімдерін даярлау
B011	Информатика мұғалімдерін даярлау
B012	Химия мұғалімдерін даярлау
B013	Биология мұғалімдерін даярлау
B014	География мұғалімдерін даярлау
B015	Гуманитарлық пәндер бойынша мұғалімдерді даярлау
B016	Қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау
B017	Орыс тілі мен әдебиеті пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау
B018	Шет тілі пәні мұғалімдерін даярлау
B019	Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандарын даярлау
B020	Арнайы педагогика
<i>Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының тобы</i>	
B004	Бастапқы әскери даярлық мұғалімдерін даярлау
B005	Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау
B006	Музыка мұғалімдерін даярлау
B007	Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау

B028	Хореография
B029	Аудиовизуалды құралдар және медиа өндіріс
B030	Бейнелеу өнері
B031	Сән және дизайн
B109	Сәндік өнер

«Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті»
КеАҚ-н оқуға қабылдау Ережелеріне
4-қосымша

Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандарды өткізу нысаны

Білім беру бағдарламасы тобының нөмірі	Білім беру бағдарламалары топтарының атауы	Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандарды өткізу нысаны
Арнайы дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының тобы		
B001	Педагогика және психология	Педагогикалық жағдаятты шешу
B002	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	Педагогикалық жағдаятты шешу
B003	Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі	Педагогикалық жағдаятты шешу
B008	Мұғалімдерді даярлау құқық және экономика негіздері	Педагогикалық жағдаятты шешу
B009	Математика мұғалімдерін даярлау	Педагогикалық жағдаятты шешу
B010	Физика мұғалімдерін даярлау	Педагогикалық жағдаятты шешу
B011	Информатика мұғалімдерін даярлау	Педагогикалық жағдаятты шешу
B012	Химия мұғалімдерін даярлау	Педагогикалық жағдаятты шешу
B013	Биология мұғалімдерін даярлау	Педагогикалық жағдаятты шешу
B014	География мұғалімдерін даярлау	Педагогикалық жағдаятты шешу
B015	Гуманитарлық пәндер бойынша мұғалімдерді даярлау	Педагогикалық жағдаятты шешу
B016	Қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау	Педагогикалық жағдаятты шешу
B017	Орыс тілі мен әдебиеті пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау	Педагогикалық жағдаятты шешу
B018	Шет тілі пәні мұғалімдерін даярлау	Педагогикалық жағдаятты шешу
B019	Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандарын даярлау	Педагогикалық жағдаятты шешу
B020	Арнайы педагогика	Педагогикалық жағдаятты шешу

Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының тобы			
1	2	3	4
B004	Бастапқы әскери даярлық мұғалімдерін даярлау	Спорт түрлері бойынша нормативтер	Спорттық ойындар
B005	Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау	Мамандандыру бойынша нормативтер	Жалпы дене дайындығы бойынша нормативтер
B006	Музыка мұғалімдерін даярлау	Орындаушылық өнер	Жалпы музыкалық қабілеттерін көрсету
B007	Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау	Сурет (гипстен жасалған адамның бет маскасының суреті)	Кескіндеме (натюрморт)
B028	Хореография	Орындаушылық шеберлігі	Коллоквиум жұмысы. Балетмейстер өнері бойынша практикалық жұмыс
B029	Аудиовизуалды өнер және медиа өндіріс	Жазбаша жұмыс – аудиовизуалды немесе медиа жұмысты талдау	Коллоквиум және портфолио
B030	Бейнелеу өнері	Сурет	Композиция
B031	Сән, дизайн	Сурет	Композиция
B109	Сәндік өнер	Сурет	Композиция